

**«LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжайының
кезектен тыс педагогикалық кеңес отырысының
№2 хаттамасынан көшірме**

Қатысқандар: өзін өзі бағ. комиссия мүшелері

1. Г.Н.Бижанова- «LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжай директоры – комиссия төрайымы;
2. Р.А. Айшуакова- «LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжай әдіскері- комиссия мүшесі;
3. А.С. Қарабасова - «LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжайы дене шынықтыру нұсқаушысы- комиссия мүшесі;
4. М.А. Тулекова - «LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжай қазақ тілі мұғалімі- комиссия мүшесі;
5. Н.Н. Хабибулліева - «LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжай музыка жетекшісі- комиссия мүшесі;

Күн тәртібінде:

1. 2023-2026 оқу жылдарына жүргізілген өзін өзі бағалау комиссиясының есебін тыңдау. (жауапты: өзін өзі аттестаттау комиссия төрайымы Г.Н. Бижанова)

Тыңдалды:

1.Г.Н. Бижанова өзін өзі аттестаттау комиссия төрайымы Өзін өзі бағалау комиссиясы тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2023-2026 оқу жылдарының мынадай деректі құжаттарын қарады:

-білім беру бағыттарының және ұйымдастырылған іс әрекеттердің МЖМБС талаптарына және ҚР Білім және ғылым министрінің

2012 жылдың 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары;

-іс әрекеттердің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, циклограммаға сәйкес перспективалық жұмыс жоспарлары;

-МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары;

-баланың даму мониторингі және нәтижелері;

-педагогтардың перспективалық жұмыс жоспарлары;

-апталық оқу жүктемесі;

Комиссия мүшелері 2023-2026 оқу жылдарының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖМБС талаптарының сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Өзін-өзі бағалау, бағалау өлшемшарттарына сәйкес қорытындыланып, комиссия мүшелерінің дауысқа салуымен «жақсы» деген баға қойылды.

Сөз сөйлегендер: Қарабасова А.С -дене шынықтыру нұсқаушысы. Өзін өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу оқытуда МЖМБС талаптарына толық сақталған деп есептеймін. 2023-2026 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларының сәйкестігін көрдік. Хабибулліева Н.Н. -музыка жетекшісі. Өзін - өзі бағалау материалдарын сараптай келе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өзбетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруда бірізділік пен жүйелілік сақталған.

Шешімі:

1. «LauRus2019» ЖШС «LauRus» бөбекжайының 2023-2026 оқу жылдарына өзін өзі бағалауы МЖМБС талаптарына сәйкес деп табылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Г.Н. Бижанова
Хатшы: М.А. Тулекова

